

ТАҒЫЛЫМДАМА

08

«Дания мен Норвегиядағы кәсіптік білім: Стратегиялар, Стандарттар және Инновациялар»



2025 жылдың 7-14 қыркүйек аралығында колледж директоры Сарыбекова Жамиля Нургалиевна «Дания мен Норвегиядағы кәсіптік білім: Стратегиялар, Стандарттар және Инновациялар» тақырыбында халықаралық тағылымдамаға және «EuroSkills Herning 2025» көрмесіне қатысып, Сертификатқа ие болды.

және кәсіптік білім беру ұйымдары лигасына» қатысып, II жүлделі орынды иеленіп, сертификатпен және 400000 теңге ұтыспен марапатталды. Жетекшісі: Бердіш Нұрзада Беріктемірқызы.

Қатысушылар: Байдос Н., Әмірбек А., Абдралиев М.



ҰСТАЗДАР МЕРЕКЕСІ

«Ұстаз – ұлттың шамшырағы, елінің арқа сүйер асыл тұлғасы»

«Алты Алаштың баласы бас қосса, төр – мұғалімдікі» деген даналық сөз ұстаздықтың қоғамдағы мәртебесін айшықтайды. Осы ұлық ұғымды дәріптеу мақсатында 2025 жылдың 2 қазанында Түркия елінен келген әріптестердің қатысуымен «2 қазан – Қазақстандағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары қызметкерлері күні» мерекесіне орай салтанатты іс-шара өткізілді.

Аталған мерекелік жиынның құрметті қонақтары – бауырлас түрік халқының өкілдері болды. Қазақ халқының өнері мен қонақжайлылығына тәнті болды. Салтанатты құттықтауда колледж директоры Сарыбекова Жамиля Нұрғалиқызы ұстаздар қауымын төл мерекелерімен құттықтап, ұстаздардың еңбектерін бағалап, сөз сөйледі. Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрайымы Н.М. Мураталиева ұстаздарды кәсіби төл мерекесімен құттықтап, мерекелік сыйлықтарын тарту етті. Бұл мерекелік шара ұстаздарға деген шынайы құрмет пен алғыс сезімін паш етіп қана қоймай, халықаралық деңгейдегі достық байланыстардың да нығая түсуіне ықпал етті. Іс-шараны колледждің Студенттік Парламенті ұйымдастырып, ұстаздар қауымына мерекелік көңіл-күй сыйлады.



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

09

1 ҚАЗАН - ҚАРТТАР КҮНІ

Қарттар мерекесі күніне орай оқытушылар Нышанова Б.А. мен Момбекова Г.А. жетекшілігімен 139 ҚБ тобының студенттерімен «Әлеуметтік арнаулы қызметтер ұсыну» КММ-



де болып, ардақты қарттарды мерекелерімен құттықтады. Студенттер қарияларға ыстық ықыластарын білдіріп, әңгімелесіп, мерекелік көңіл-күй сыйлады. Қариялар

жастарға ақ баталарын беріп, ризашылықтарын жеткізді. Іс-шара аға буынды құрметтеу мен жас ұрпақтың бойына ізгілік пен мейірім құндылықтарын дарытуды көздеді.

«Кітап оқимын-биікке жетемін!»

«Әулиеата-кітап оқитын өңір» жобасы Жамбыл облысының әкімі Е.Қарашөкеевтің бастамасымен және облыстық білім басқармасының қолдауымен «Ой шебері» зияткерлік ойынының 3 кезеңі қорытындысы бойынша Жамбыл жоғары медициналық колледжінің құрамасы Жамбыл облысы «Техникалық



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

1 ҚЫРКҮЙЕК - БІЛІМ КҮНІ

2025-2026 оқу жылының 1 қыркүйек-білім күніне арналған «Білім күні. Бейбітшілік күні!» тақырыбында салтанатты жиын өткізілді.

01

КЕЗДЕСУ

«Өзінді сақта және алғашқы көмек көрсету қағидалары» тақырыбында кездесу өткізілді.

02

ТӘРБИЕ САҒАТЫ

ҚР Конституциясына 30 жыл толуына орай тәрбие сағаты өткізілді.

03

АТА АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ

“Тәрбие тал бесіктен” тақырыбында ата аналар жиналысы өткізілді.

05

МЕМОРАНДУМ

“Шексіз диалог: медициналық білім берудегі Қазақстан-Түркия”

07

ҚҰТТЫҚТАУ

Колледж оқытушыларымен студенттердің жетістіктері

09

04

ПІКІРТАЛАС ОЙЫНЫ

“Адалдық VS Алаяқтық” интерактивті пікірталас ойыны өткізілді

06

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ӘЛЕМІ

Білім беру үрдісіне жасанды интеллект технологияларын енгізу.

08

ТАҒЫЛЫМДАМА

Халықаралық тағылымдама “Дания мен Норвегиядағы кәсіптік білім: Стратегиялар; Стандарттар және Инновациялар”





1ҚЫРКҮЙЕК - БІЛІМ КҮНІ

01

02.09.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжі 2025-2026 оқу жылының 1 қыркүйек-Білім күніне арналған «Білім күні. Бейбітшілік күні!» тақырыбында салтанатты жиын өткізді.

Жиын колледж директоры Сарыбекова Жамиля Нұрғалиқызының құттықтау сөзімен басталып, Тараз қаласы ПБ ЖПҚБ ЮПБ КТІЖ УИП полиция капитаны Убайдуллаев Султан Есенбековичтің студенттерге арналған тәртіп пен адалдық тақырыбындағы дәріспен жалғасты. Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қуанышбекова Ляззат Тураровна жаңа түскен топтарға оқу процесі мен сабақ кестесін таныстырып өтті. Кенен Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясынан Гүлназ Мамырамова мен Қайсар Көкішов арнайы келіп, әсем әндерімен студенттерді шабыттандырды. Студенттік Парламент төрағасы мен ұйым басшылары жаңа келген студенттерге сәттілік тілей отырып, қоғамның белсенді, білімді, адал азаматы болуға шақырды.

КЕЗДЕСУ

02

07.09.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде студенттермен «Өзінді сақта және алғашқы көмек көрсету қағидалары» тақырыбында кездесу өтті. Бұл шараға:



1. Инструктор-реаниматолог - Халыков Амангелді Сүлейменович – өмірге қауіп төнген сәтте дұрыс алғашқы көмек көрсетудің маңызы мен жүрек-өкпе реанимациясының негізгі әдістерін түсіндірді.
2. Гинеколог - Рүстембекова Әсем Болатбековна – қыз балалардың жеке гигиенасы мен денсаулықты сақтаудағы жауапкершілік жайында кеңес берді.
3. Психолог - Жарқынбекова Әкерке Талғатқызы – жастардың психологиялық тұрақтылығы, қиын жағдайда өз-өзіне сенімді болудың жолдары туралы ой қозғады.
Студенттер мамандардың тәжірибелік кеңестерін тыңдап, сұрақтарына жауап алды.

ТӘРБИЕ САҒАТЫ

03

«Елімнің еркіндігі – Ата Заңым»

30 тамыз Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл толуына орай колледжіміздің 216 ЕФ-9/24 тобында «Елімнің еркіндігі – Ата Заңым» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: студенттерге ҚР Конституциясының мәні мен маңызын түсіндіру. Құқықтық сауаттылықты арттыру, азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу. Отанға, заңға деген құрмет сезімін қалыптастыру.

Тәрбие сағаты барысында студенттер Қазақстан Республикасының Гимннің орындап, «Конституция – тұрақтылық пен бірліктің негізі» тақырыбында бейнеролик көрсетілді.

Топ кураторы: Даулетбекова А.Б.



ПІКІРТАЛАС ОЙЫНЫ

04



29.09.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде 2025 жыл – жұмысшы мамандықтар жылы аясында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру» бағдарламасы бойынша №1 әлеуметтік-экономикалық жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен «Адалдық VS Алаяқтық» — интерактивті пікірталас ойыны өтті. Мақсаты: адалдықтың қоғамдағы маңызын ұғындыру, сыни ойлау стратегиясын дамыту.

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ

05

25.09.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің мәжіліс залында «Тәрбие – тал бесіктен» тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Ата-аналар жиналысында колледж директоры Сарыбекова Жамиля Нургалиевна және директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қуанышбекова Ляззат Тураровна ата-аналар жиналысының



мақсатымен таныстырып, колледждің оқу-тәрбие жұмысы, материалдық-техникалық базасы, колледж жатақханасы туралы мәлімет берді. Тәрбие бөлімінің мамандары мен бөлім меңгерушілері бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі, олардың сүйіспеншілігінің маңызы туралы айтып, отбасындағы қарым-қатынастың балаға әсері жайлы түсіндірме жұмыстарын жасады.

Сонымен қатар, колледждің ҚБАЖ меңгерушісі Усенов Рахат Бакенович студент жастардың арасында жиі кездесетін тәртіп бұзушылықтар туралы жалпы мысалдар келтіріп, жасалған теріс әрекеттің түріне, сипатына қарай оның соңы айыппұл немесе еркіндікті шектеуге дейін апаратынына ата-аналардың назарын аударды. Колледж психологтары Өскенбаева Асел Нурлыбековна, Сүйінбекұлы Кәрім мен Мираева Аружан ата-аналарға арналған психологиялық кеңестер берді.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ-ЗАМАНАУИ ОҚЫТУ ҚҰРАЛЫ

06



03.10.2025 ж. Фармацевтикалық пәндер оқытушысы Байғани Аяна Жасұланқызы 333Ф-11/23 топ студенттерімен «Паразиттерге қарсы және гельминттерге қарсы әсері бар дәрілік өсімдіктердің фармакологиялық маңызы» тақырыбында тәжірибелік сабақ өткізілді. Сабақ барысында моноблок тақтасы және Renderforest, Studio.d-id, Luvvoice, Online-qg-generator сияқты нейрожелілердің мүмкіндіктері қолданылды. Студенттер паразиттерге қарсы және гельминттерге қарсы әсері бар дәрілік өсімдіктердің фармакологиялық маңызы туралы білімдерін тереңдетіп, практикалық дағдыларын шыңдады. Практикалық бөлімде студенттер: қалампыр бүршігінен спиртті экстракт дайындады; асқабақ дәнінен тұнба әзірледі; экстракт құрамындағы эвгенолды, ал тұнба құрамындағы кукурбитинді анықтаудағы сапалық реакциялар барысын бейнеролик арқылы көріп, тәжірибелік процесті терең түсінді.



03.10.2025 ж. Мейіргерлік технологиялар пәнінің оқытушысы Дидарбекова Макпал Кайратовна 404М-9/22 тобымен жасанды интеллект аясында Виртуалды кеңістік (VR)

тақтасын қолданып, «Тыныс алу қызметі бұзылыстары кезіндегі реабилитациядағы мейіргерлік үрдісте виртуалды симуляторды қолдану» тақырыбында теориялық сабақ өткізілді. Студенттермен өткізілген бұл сабақ барысында виртуалды симулятор арқылы тыныс алу жеткіліксіздігіне шалдыққан науқасқа алғашқы көмек көрсетілді.

МЕМОРАНДУМ

07

«Шексіз диалог: медициналық білім берудегі Қазақстан-Түркия»

31.09.2025 ж. Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК «Тарап 1» атынан директор Сарыбекова Ж.Н. және Түркия Республикасы, Анталья қаласындағы «Шифа» денсаулық колледжі «Тарап 2» атынан директор Çagdaş Akin, ЖШС «Халықаралық білім беру және инновация орталығы» Меморандум жасасып, қол қойылды.



Түркиялық қонақтар екі ел арасындағы білім саласындағы ынтымақтастықтың болашағы зор екендігін атап өтті. Олар оқу мүмкіндіктерін, мәдени және рухани құндылықтардың жақындығын айта келіп, медициналық білім беру, тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру және кәсіби шеберлікті арттыру бағытында екі жақты әріптестіктің маңызын ерекше атап өтті.

